

2003 жылғы 11 қыркүйектегі N 2072 "Зейнеткерлерге арналған "Үлбі" дәрігерлік-элеуметтік орталығына жолдама ұсыну тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" қаулыға өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық әкімдігінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 8852 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық Әділет басқармасында 2008 жылғы 23 маусымда N 5-1-85 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2009.05.12 № 820 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2009.05.12 № 820 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Занының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасы негізінде, 2006 жылғы 24 наурыздағы N 2713 "Үлбі" зейнеткерлерге арналған қалалық аумақтық дәрігерлік-элеуметтік орталығы" мемлекеттік мекемесінің "Үлбі" халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы" мемлекеттік мекемесіне қайта аталуы және Жарғыны жаңа редакцияда бекіту туралы" қаулыға сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2003 жылғы 11 қыркүйектегі N 2072 "Зейнеткерлерге арналған "Үлбі" дәрігерлік-элеуметтік орталығына жолдама ұсыну тәртібі туралы Ережені бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1403 нөмірімен тіркелген, 2003 жылғы 4 қазанды "Рудный Алтай", "Дидар" газеттерінде жарияланған қаулыға келесі өзгерістер енгізілсін:

атаған қаулымен бекітілген қаулының атауында, Ереже мен мәтіндегі "Зейнеткерлерге арналған "Үлбі" дәрігерлік-элеуметтік орталығы" сөздері "Үлбі" халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы" деген сөздерімен ауыстырылсын;

Ереже мәтініндегі "Халықты әлеуметтік қорғау басқармасы", "халықты әлеуметтік қорғау басқармасында", сөздері "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі", "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жанында" сөздерімен ауыстырылсын;

7-тармақтың 1) тармақшасындағы "15" саны "20" санына ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау өскемен қаласы әкімінің орынбасары

Е.М. Аязбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қолданысқа алғашқы ресми жарияланған күннен кейін енгізіледі.

*Өскемен қаласының әкімі*

*Ш. Бұқтұғұтов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК